

**№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы бойынша Қамқоршылық
кеңестің хаттамасы № 4**

Күні: 06.04.2023

Қатысуға тиіс: 9

Қатысканы: 6

Қатыспағаны: 3 (себепті)

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Аскарова Нурзия
2. Журмаганбетова Ләззат
3. Нұрымбетова Айнұр
4. Сақауова Айгүл
5. Мустафина Асел
6. Турғалиева Камшат

№1 Шұбарқұдық мектеп – гимназиясы бойынша қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

1. № 57 бұйрығының 6 тармағының 5 тармақшасына сәйкес №1 Шұбарқұдық мектеп – гимназиясының директоры лауазымына жарияланған конкурс үміткерлерін тыңдау.
Казиева Индира Есенжоловна №1 Шұбарқұдық мектеп – гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Куанова Жумазия Кафизовна Шұбарқұдық гимназиясының тарих пәні мұғалімі.

Алғы сөзі: №1 Шұбарқұдық мектеп – гимназиясының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Е.Абдуллаева 2023жылдың 06.04 күні ұйымдастырылған Қамқоршылық кеңесінің өткізілу мақсатымен таныстырды.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Н.А.Аскарова қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен таныстырып, сөз кезегін төмендегі екі баяндамашыға ұсынды.

Үміткер: Казиева Индира Есенжоловна №1 Шұбарқұдық мектеп – гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. К.И.Есенжоловна өзінің еңбек жолымен таныстырды. Мектептің даму жоспарын 2022-2025 жылдарға арналған жоспарын баяндады. 7 бағыт негізінде атқаратын жұмыстарды толық саралап түсіндірді.

1. Педагогтың әлеуеті.
2. Оқу-тәрбие үдерісінің басқару және көшбасшылық.
3. Инновациялық қызмет
4. Кәсіби қоғамдастық, серіктестік
5. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.
6. Кәсіби және қолайлы орта қалыптастыру
7. Материалдық-техникалық базаны қалыптастыру және қаржыландыру.

Оқушыларды бейімділігіне байланысты жеке шығармашылығын, интеллектуалдық қабілетін арттыратын жұмысқа басымдық берілуі.

Алдағы уақытта мектеп ауласына оқушылар демалатын аллея жасақтау, сонымен қатар мектеп учаскесіндегі бау-бақшаны одан әрі дамыту жоспарлануда.

Үміткер: Шұбарқұдық гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Куанова Жумазия Кафизовна алдымен өз өмір жолы және еңбек жолын таныстырудан бастады. Директорға үміткер Ж.К.Кафизовна жеке даму жоспарын баяндады. Жеке даму жоспарында төмендегідей атқаратын іс-шараларымен таныстырды. Үйлестіруші мектеп басшысы ретінде 6 бағытын түсіндірді.

1. Жаңа білім стандартына көшу.
2. Дарынды, талантты балаларды қолдау жүйесін дамыту.
3. Инфрақұрылым өзгерту
4. Оқушылар денсаулығын сақтау
5. Мектептің жағымды имиджін өзгерту.
6. Үздіксіз білім беру.

Сөйлеушілерге сөз кезегі берілді

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Н.А.Аскарова: -Ұсынылған екі педагогтың директор лауазымына сәйкес даму жоспарымен таныстық. Екі үміткердің де баяндамасы жоспарлы жұмыстары көңілге қонымды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Л.Т.Журмагамбетова: -Өз сөзінде қамқоршылық кеңес мүшелерінің шешімі бойынша екі үміткер жоспарлы жұмыстары талапқа сәйкес. Қамқоршылық кеңес мүшелері ақылдасып, төмендегідей шешімге келдік.

Қамқоршылық кеңес шешім етеді:

Директор лауазымына үміткер екі педагог Казиева Индира Есенжоловна және Куанова Жумазия Кафизовнаның тыңдалған жұмыстары Ақтөбе облыстық білім басқармасына ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

Хатшы



Аскарова Нурзия
Журмаганбетова Ләззат
Нұрымбетова Айнұр
Сақауова Айгүл
Мустафина Асел
Турғалиева Камшат

Handwritten signatures of the members of the Parent-Teacher Committee.